

**А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебінің
қамқоршылық кеңесінің жиналысының хаттамасы №1**

20 қыркүйек 2019 жыл

Қатысушылар:

Қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі, 1-11 сыныптың 34 ата-аналар кеңесінің төрайымдары (төрағалары);

Мектеп басшысы Д.Ш.Қожахметов;

Тәрбие ісінің орынбасарлары А.К.Жапарова, Е.К.Калиев.

Күн тәртібі:

1. Мектеп басшысы Д.Ш.Қожахметовтың мектепті дамыту жоспарын таныстыруы.

2. 2018-2019 оқу жылының қорытындысы.

Р.Абдрахманова

3. Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу туралы.

А.Жапарова

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп басшысының міндетін атқарушы Д.Ш.Қожахметов мектепті дамыту жоспарын таныстырды. Дархан Шомытович мектепте орта білім беру сапасын көтеру, Ұлттық Бірыңғай Тестілеудегі оқушылардың білім сапасын арттыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының аясында өлкетану экскурсияларын ұйымдастыру, ұлттық ойындар мен спортты дамыту секілді басым бағыттарға тоқталды. Оқу үрдісін жақсартуда ата-ана мен мектептің ықпалдастығын арттыруға көңіл бөлетіндігін атап өтті.

Еліміздің басқа елдермен қарым-қатынасы артып отырған шақта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын тұлғаны мектеп қабырғасынан оқытып шығару - біздің қазіргі міндетіміз болғандықтан мектебіміздің 3 мұғалімі үштілділік курсына білім алып жатқанын мәлімдеді. Д.Ш.Қожахметов ішараны қаржыландыру жауапкершілігін өз мойнына алушы тұлғаларды - демеушілерді тарту арқылы мектепке керекті компьютер кабинетін, спорттық жабдықтарды, технология кабинетін, ұлағатты ұстаз Орал Дәулетоваға арналған кабинетті ашу секілді игілікті жұмыстарды жоспарлағанын жеткізді.

Сөйледі: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Р.Б.Абдрахманова: «Сіздің жұмысыңызға сәттілік тілеймін, мектептің даму жоспарында сөз болған басымдықтарды қолдаймын. Оқушыларымыз өз бойында жоғары адамгершілік қасиетті қалыптастыра отырып, алған білімдерін өмірде қолдана білулері керек. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері жақсы бастаманы қолдап, өз тарапымыздан көмегімізді береміз дегім келеді».

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Б.Т.Уәлиев: «Мүмкіндігінше демеушілерді тартайық, қаламызға қарасты тарихи ескерткіштерге саяхат жасауға біз де көмегімізді берейік, оқушылардың рухани құндылықтарын арттыруға көңіл бөлген жөн».